#КЕҢЕС

Экология, туризм және инфрақұрылым мәселелері талқыланды

Айдос МЫРЗАХМЕТОВ

Облыс әкімдігінде Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі Бақытжан Сапиевтің төрағалығымен кеңес өтті. Жиын әлеуметтік-экологиялық ахуалды жақсарту, туризмді дамыту және өңірлердегі инфрақұрылымдық мәселелерді жүйелі шешу бағыттарына арналды.

ҚАЛАЛАР ТАЗАЛЫҒЫ ҚАТАҢ БАҚЫЛАУДА

Кеңеске Алматы, Павлодар, Астана, Петропавл, Орал, Көкшетау, Тараз, Түркістан және Қостанай өңірлері онлайн форматта қатысты.

Жиында «Таза Қазақстан» бағдарламасының жүзеге асу барысы, ел көлемінде 2 миллиард ағаш отырғызу бастамасының орындалуы және эко-парктер құру жұмыстары кеңінен қаралды. Сонымен қатар, туристік дестинацияларды дамыту, өңірлердің туристік әлеуетін арттыру және инфрақұрылымды жетілдіру мәселелері күн тәртібіндегі негізгі бағыттардың бірі болды.

Президент кеңесшісі қалалар тазалығына ерекше назар аударып, нақты тапсырмалар берді.

– Қала тазалығы тұрақты бақылауда болуы керек. Анықталған кемшіліктер бір апта ішінде жойылуы тиіс. Пәтер иелерінің кооперативтері мен мүлік иелері бірлестіктерінің жұмысы жүйелі қадағалануы қажет. Нысандардың меншік иесіне қарамастан, олардың күтімі қамтамасыз етілуі маңызды. Облыс басшылары аудандарда да осындай жиындар өткізгені жөн, – деді Бақытжан Сапиев.

ІРКІЛГЕН СУ ҮСТІНЕ ЖОЛ САЛУ ТӘЖІРИБЕСІ ТОҚТАТЫЛУЫ ТИІС

Президент кеңесшісі Бақытжан Сапиев іркілген су үстіне жол салу тәжірибесін тоқтату қажеттігін мәлімдеді.

Елдегі әлеуметтік-экологиялық ахуал мен инфрақұрылымды дамыту мәселелері қаралған кеңесте жол құрылысының сапасы да күн тәртібіне шықты. Жиында көктемгі қар еру кезеңінде орын алатын жүйесіз тәжірибелерге назар аударылды.

Атап айтқанда, Павлодар және Алматы өңірлерінде жаңбыр суы жиналған учаскелерге асфальт төсеу фактілері сынға алынды. Президент кеңесшісі мұндай тәсілдер жол сапасына кері әсер ететінін атап өтіп, мердігер ұйымдардың жауапкершілігін күшейтуді тапсырды.

Сонымен қатар, анықталған кемшіліктер бойынша нақты жұмыс жүргізу қажеттігі айтылды.

– Қазір қар еруде. Көктемгі қар еру кезеңіндегі жол құрылысына қатысты кемшіліктер бар. Іркілген су үстіне жол салу тәжірибесін тоқтату қажет, – деді Бақытжан Шаймұхаметұлы.

ҮШ ЭКО-ПАРК САЛЫНАДЫ

Шығыс Қазақстан аумағында экологиялық жағдайды жақсартуға және тұрғындардың демалысына қолайлы орта қалыптастыруға бағытталған ірі жобалар қолға алынбақ. Бұл туралы жиында өңір басшысы Нұрымбет Сақтағанов

Мемлекет басшысының эко-парктер құру жөніндегі тапсырмасының орындалуы туралы баяндамасында мәлімдеді.

Аймақ басшысының айтуынша, облыс орталығының маңындағы аумақтарда үш бірдей эко-парк жобасын жүзеге асыру жоспарланып отыр.

– Өскемен қаласында 21,4 гектар аумақта «Березовая роща» эко-парк салынбақ. Сонымен қатар, Ұлан ауданы аумағында 25 гектар жерде «Жасыл аймақ» эко-паркі, ал Глубокое ауданы аумағында 40 гектар аумақта «Горная Ульбинка» эко-паркі құрылуы көзделген. Үш жобаның жалпы құны 450 млн теңгені құрайды. Қаржыландыру жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылады, – деді Нұрымбет Сақтағанов.

Жоспарланған эко-парктер өңірдің экологиялық ахуалын жақсартумен қатар, рекреациялық инфрақұрылымды дамытуға серпін береді. Бұл нысандар тұрғындар үшін демалысқа қолайлы, заманауи қоғамдық кеңістіктер қалыптастыруға мүмкіндік ашады. Сонымен бірге, аталған бастамалар халықтың экологиялық мәдениетін арттыруға және көгалдандырылған аумақтардың үлесін ұлғайтуға ықпал етеді деп күтілуде.

Жиын қорытындысы бойынша облыс әкімі жауапты басқармаларға нақты міндеттер жүктеді. Атап айтқанда, өзге қалалар мен аудандарда да эко-парктер ашу мүмкіндігін қарастыру, туристік маусым қарсаңында демалыс орындарындағы санитарлық талаптарды күшейту және қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету тапсырылды.

#ҚҰРМЕТ

Өңірде бірқатар азаматтар марапатталды

Дәурен АЛЛАБЕРГЕНҰЛЫ
Махаббат АХМЕТЖАНОВА

Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2026 жылғы 7 сәуірдегі №1221 Жарлығына сәйкес, еліміздің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси дамуына елеулі үлес қосқан бірқатар шығыс-қазақстандық азаматтар мемлекеттік наградалармен марапатталды.

Жоғары марапаттарды облыстық әкімдікте өткен салтанатты жиында аймақ басшысы Нұрымбет Сақтағанов табыстады.

– Бүгінгі марапат иелерінің жетістігі – кездейсоқтық емес, бұл – жылдар бойы жинақталған тәжірибе мен табанды еңбектің заңды нәтижесі. Әрқайсысы өз саласында адалдық пен жауапкершілікті ту етіп, кәсіби биіктерді бағындырып келеді. Шығыс Қазақстан әрдайым қайсар мінезді, еңбекқор, дарынды азаматтарымен ерекшеленген өңір. Бүгінгі марапат иелері – сол дәстүрдің лайықты жалғасы. Олардың еңбегі тек экономикалық көрсеткіштермен ғана өлшенбейді, сонымен қатар қоғамдағы тұрақтылық пен мәдени дамуға қосқан үлесімен де құнды, – деді аймақ басшысы.

Облыс әкімінің айтуынша, қазіргі кезеңде технологиялық жаңғыру мен цифрландыру үдерісі қарқын алғанымен, кез келген жетістіктің түп негізінде адам еңбегі, кәсібилік пен жауапкершілік жатыр.

– Бұл марапаттар – тек өткен еңбектің бағасы ғана емес, алдағы уақытта жаңа белестерді бағындыруға берілген тың серпін. Сондықтан да марапат иелерінің әрқайсысы ел дамуына қосқан үлесін еселей түсіп, жаңа жетістіктерге жетеді деген сенім мол, – деді өңір басшысы.

Аталған Жарлыққа сәйкес, «Парасат» орденімен «Қазақстанның салалық мәдениет, спорт, туризм және ақпарат қызметкерлерінің кәсіптік одағы» ҚБ облыстық филиалының төрағасы Түсіпхан Түсіпбеков марапатталды.

– Мен отыз жыл өмірімді мемлекеттік қызметке арнадым. Біздің мемлекеттік қызметтегі еңбегімізді бағалап, бұған дейін «Құрмет» орденімен марапаттаған еді. Енді, міне, «Парасат» орденіне ұсынған облыс әкімдігіне және осы Жарлыққа қол қойып, жоғары марапатпен наградтаған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевқа шексіз ризашылығымды білдіремін. Марапат – әрбір адам үшін оның еңбегінің бағаланғанын сезінетін ерекше сәт, – деді мемлекеттік қызмет ардагері Түсіпхан Түсіпбеков.

Сондай-ақ «Құрмет» ордені «Ореол Ltd» ЖШС директоры Сергей Коротинге табысталды.

– Мен мемлекет игілігі жолында, кәсіпкерлік саласында ұзақ жылдар бойы еңбек етіп келемін. Бүгінгі марапат мен үшін күтпеген әрі толқулы сәт болды. Президент қолынан марапат алу – үлкен мәртебе. Әрқашан өз ісіме үлкен жауапкершілікпен қарап, адамдық қасиетті бәрінен биік қоюға тырыстым. Бұл – мені алға жетелейтін басты ұстаным. Кәсіпкерлікпен 1990 жылдан бері айналысып келемін. Осы жылдар ішінде өңіріміздің, қаламыздың, облысымыздың дамуына өз үлесімізді қостық деп ойлаймын, – деді Сергей Викторович.

Мемлекеттік наградалар – ел дамуына сүбелі үлес қосқан азаматтардың еңбегіне берілген жоғары баға.

Салтанатты жиында бірқатар азамат «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Олардың қатарында Өскемен қаласы әкімі Алмат Ақышов, облыстық ішкі саясат басқармасы әкімшілік-қаржылық бөлімінің бас маманы – бас бухгалтері Шалқар Асылханова, Зайсан аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Зумрад Дүйсенбаева бар.

– Құрметті әріптестер, бүгінгі марапат құтты болсын! Бұл марапат мен үшін бір жағынан тосын, екінші жағынан – көпжылдық еңбектің заңды нәтижесі. Қырық жылға жуық уақыт бойы елімізге, мемлекетімізге, туған ауданыма адал қызмет етіп келемін. Осы орайда, өңір басшысы Нұрымбет Аманұлына шынайы алғысымды білдіремін. Бұл тек менің ғана емес, бүгін марапат алған барлық әріптестерімнің атынан айтылған ризашылық деп қабылдаңыздар, – деді Зумрад Дүйсенбайқызы.

Сонымен қатар бұл жоғары марапатқа облыстық мәдениет басқармасының басшысы Самат Қасенов және бұқаралық ақпарат саласындағы әріптестеріміз – Өңірлік коммуникациялар қызметінің жетекшісі Қарлығаш Қасымова, «Қазақстан» РТРК» АҚ Шығыс Қазақстан облыстық филиалының директоры Берік Көшербаев та лайық деп танылды.

– Бүгін мен үшін өте маңызды әрі қуанышты күн. Бұл – менің алғашқы мемлекеттік наградам. Журналистика саласында жиырма жылдан астам уақыт еңбек етіп келемін. Студент кезімде еңбек жолымды бастап, бүгінге дейін осы бағытта жұмыс істеп жүрмін. Бұл марапат – мен үшін үлкен қуаныш. Ең алдымен, әрдайым қасымнан табылып, қолдау көрсеткен отбасымның да еңбегі деп білемін. Сонымен қатар, бұл – «Altai» телеарнасы ұжымының ортақ жетістігі, – деді Берік Көшербаев.